

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

**«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

**МАТЕРИАЛЫ**

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ**

**«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

## РАЗДЕЛ II. ИСТОРИЯ И ЭТНОГРАФИЯ

### ХІІІ-ХІV ҒҒ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСАЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Е.З. Аманқұлов, Ж.С. Бегимбаева

Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы әрбір кезеңнің өзіндік алатын орны ерекше болады. Сондай кезеңнің біріне ХІІІ ғасырдың басы мен ХІV ғасыр аралығы жатады. Бұл кезең саяси тарих тұрғысынан алып қарағанда Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы секілді мемлекеттердің тарихымен тікелей байланысты болса, этникалық тарих тұрғысынан қарағанда, алғашқы кезеңде қыпшақтану үдерісінің жүруімен, ал одан кейін ұлттық сипаттағы этностардың тарих төріне көтерілуімен ерекшеленеді (Б.Б.Кәрібаев, 2017).

**Моңғол қағанатының құрылуы.** Шыңғыс қаған 1203 жылы керейітті, 1204 жылы найманды жеңіп, қарсыласы Жамұқаны қолға түсіріп, 30-дан көп ірі тайпаның басын қосып, 1206 жылы Онон өзені бойында шақырылған құрылтайда Моңғол мемлекетін құрды. Осылайша ол әкесі Есугей баһадүрдің өлімінен кейінгі бытырап кеткен жұртының басын 20 жылдан астам уақытта қосты. Халықты әскери 95 мыңдыққа бөлді, «Хишигтен» – түнгі күзет, «Хорчин» – күндізгі күзет қойдырды және «Торгут» орда гвардиясын құрды. «Көк дәптер» ата заңын орнатты (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 58-б.).

Бала кезде аталас-туысы тайшылардан қысым көргенде, оған көмектескен Сүлдес тайпасының Орхон Шарасына Сэлэнгэ бойындағы үш меркіттің мекенін қалауынша ұрпақтан ұрпаққа қалдыруына болатындай етіп еншілікке берді. Бірақ ондай жерлерден қағаннаң өзге мыңбасылары да үмітті болды. Шыңғыс қағанның оларға атқарған қызметтеріне қарамастан жер атамауы турасындағы себеп-нұсқалар аз емес. Соның ішінде Зардыхан Қинаятұлының пікірінше, жерсіз қалған мыңдықтарды иелік жер алуға дәмелендіру мақсатында ел іргесін кеңейту есебі екен.

Моңғол даласынан Алтайға дейін, Инь-Шань жотасынан Сэлэнгэге дейінгі аймақты алумен тынбаған. Онысы «Көкте Тәңір, жерде Қаған бір. Әлем иесінің таңба мөрі» деп ойылып жазылған таңба мөрінен көрініп-ақ тұр. Керейіт, найман, меркітті жаулаған бұл қағанның жаулаушылық ниеті артып кетті. Көрші тайпаларды бағындыруды күн тәртібіне қойды. Ол қадамды Орман елін алудан бастады. Олар – моңғол, тунгус және түркілес халықтар. 1207 жылы көктемнің басында Шыңғыс қаған Жошы ұлын соғысқа аттандырды (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 59-б.).

Орман халқы моңғолша «ойн ард» деп аталған. Дорж Банзаровша және моңғолдық ғалым Д.Гонгордың айтуынша бұл «ойрат» атауы екен. Бұны қазақ тарихшысы Нығмет Мыңжан да атап көрсеткен. Бұл халықтың жағрапиялық орны Амур өзені Хангай жотасынан Байкалды басып, Саян таулары, Енисейден Алтайға, Хатунь өзенінен Ертіске дейінгі жерде жатыр. Орманды алқапта аң

аулайтын көшпелі тайпа болған. Бұл – оғыз-динлиндер, қырғыз тобалары және ойраттық төрт тайпа (Өлет, Торгут, Хошут, Чорс) мекендеген өлке (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 60-б.).

**Шыңғыс қағанның көршілес тайпаларды бағындыруы.** Орман елі. Жошы қолбасшының Орман халықтарына жорығы. Жошы қолбасшының әскері сәуірде аттанып, Ойрат жеріне жеткенге, ойраттық тайпа көсемі Хутуга бек халқын ертіп, Жошы қолбасшыға қосылды. Оны Шигшид өзені бойындағы Түмен ойраттарға әкелді. Олар да қарсыласпай берілді. Жошы қолбасшы осында аялдап, Алтын мен Боғал атты елшілерін Қырғызға аттандырды (Бейсетаев Р., Жақия Д., 2017, 3-б.).

Қырғыздар бұларды жылылықпен қарсы алды да тайпа басылары Еді Инал, Алдияр және Урбек тегін ақ сұңқарын қолға алып, ақ боз атын мініп, қара бұлғын терісі, жол-жоралғысымен Жошыға келіп бас ұрды. Жолы болған Жошы соғыссыз-ақ Сібір бойы Хәсдәм, Баяуд, Тухас, Теленгіттерді өзіне қаратты. Ойрат пен Қырғыз түмен басыларды ертіп әкеліп, берген сыйсыяпатты алып, алдынан шыққан қаған әкесіне сұңқар, ақ боз ат пен бұлғын терісінен жасалған бұйымдарын тарту етті (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 63-64-б.).

Бұл ұлы ісі үшін Шыңғыс қаған өте риза болды. Монғол жазбаларында былай хабарлайды: «Чингис ка'хан Ойраттың Хутуга бегінің ұлы Иналчыға өзінің екінші қызы Шешейкенді, тағы бір ұлы Торалшыға Жошының қызы Олуйханды берді». Енді, мына жерде бір қызық болып тұр: 1) «Иналчы» деген кім, әлде не? 2) Бас құрағалы 8-9 жастан аспаған қызын Жошы қолбасшы ұзатар ма екен? Д. Оссон Рашид жазбаларында ежелгі қырғыздар өзінің тайпа билеушілерін «Инал» деп атаған (Д.Оссон К., 1937). Бұл ежелгі түркілерге де тән. Иналчысы есім емес, лауазым. Екінші сұраққа келсек, 1196 жылы Жошы 17-ге толып, үйленген. Бәйбішеден үлкен ұлы Ордана 1198 жылы туылса, Бату 1202 жылы туылды делік. Ал, Жошының үлкені қыз болғанның өзінде 1207 жылы 8 жасқа әзер толады екен. Қаған әулетінің қыздары жат жұртқа әбден ес жиып, алдына мақсат қойып, міндет жүктеп аттанған. Сондықтан бұл кезде Жошының кішкентай қызы ұзатылмайды, тек айттырылуы ғана мүмкін (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 64-б.).

Жошы орман еліне шыққан жорығынан ат тонын тоздырмай, іргелі Орман халқын өзіне қаратып, табысты оралды. Қаған әкесі үлкен ризалықпен оның билігіне сол бағындырылған жұртын қалдырды. Батыс шеп Жошы ханда болса да, әлеуметтік билік Хорчы ноян мен Хутуга бекте қалды.

**Орман халықтарының арасынан шыққан көтерілісшілер.** Хор Түметтердің катаюы. Шыңғыс қаған төрт ұлымен негізгі күшін алып, 1211 жылы Шүршітке аттанды. 1214 жылы Орман жұртының бір бөлігі орталық билікке қарсы көтерілді (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 65-б.).

Шыңғыс қағанның негізгі күші шығысқа кетіп, батыс шебі босап қалды. 1205 жылы Қағаннан жеңіліп, батысқа қарай кеткен Күшілік хан бастаған Наймандар, Қидандар арасында көтеріліс болса, Меркіт Тоқтыбектің Баргужин Тоқымда қалған ұлы Қуду бастаған тобы монғолдардан ата кегін алуға бекініп,

Хор Түметтерге иек артты. Қорчы абайсызда мынадай қате жіберді: 1206 жылы Шыңғыс қаған Хорчыны мыңбасы тағайындап, «Ертіске дейінгі орман халқына билік жүргізіп, Хор Түметтен қалаған отыз сұлуыңды таңдап ал» деген. Хорчы бір уақытта соған Хор Түметке барып, жергілікті адамдар оны ұстап алды. Осыдан кейін көтеріліс басталды. Ұлы қаған Хутуга бекті Түметке қарсы жұмсайды, бірақ ол да тұтқынға түсіп қалды (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 66-б.).

Ызалы Шыңғыс қағанның Орман еліне арнайы аттандырған әскери тобы. Орман еліндегі Енисей қырғыздарының көтерілісін басу. Қаған қаһарланып, әйгілі қолбасшы Борохулды жіберді. Қалың орманды тау жыңғылына кірген Борохул аяқ асты Түметтерден қаза тапты. Осы оқиғадан кейін барып қана қаған 1215 жылы күзде Хэрлендегі ұлы ордасына қайтып келді. Ұлдары мен нояндарын жиып, қолбасшыларын шақырып, Орманға қарсы Қаған басымен өз аттануға шешім қабылдады. Кішігірм аймаққа Ұлы қағанның аттануына намыстанған Богырчы мен Мухулай қолбасшылар жорыққа қағаннан бөтен қолбасшыны аттандыру туралы пікірлескен. Дәрбет тайпасынан шыққан Дәрбей қолбасшы қаған тапсырмасымен аттанды (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 66-б.). Ол Түметтен айласын асырды. Қаруын сайлап шыққан аз ғана топпен қалың жыңғылдан жол ашып, қырқаға шығып, той өткізіп жатқан Түметтің тас төбесінен қойып қалды. Қаған Хор түметтер қолға түскен соң, Борохулдың аруағын ескеріп, 100 түметтікті соның әулетіне тартып, отыз қызды Хорчыға беріп, Ботақай дарханды Хутугаға беріп, Хор түметтің өзін толық бағындырды (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 67-б.).

Бірақ, енді Курсун бастаған қырғыздар көтерілді. Олар Урасут, Төлеңгіт, Қыштым тайпаларынан қолдау тапты. Қаған Бұл мәселені шешуге Жошы хан мен Бұқаның тобын жіберді. Жошы хан екінші рет Орман елін жаулап алды. Көтерілісті басты. Осылайша Орман елін толық бағындыру 1207 жылдан бастап, 1217 жылға қарай 10 жыл уақытқа созылған. Енисей қырғыздары тек 1225 жылы бөліс кезінде ғана Шыңғыс қағанның төртінші ұлы Төлейдің билігіне өткен.

**Жошы ханның өлімінен кейін болған жайлар, оның өліміне байланысты болжамдар мен пікірлер.** Шыңғыс қағанның үлкен ұлы Жошы өз ұлысын тәуелсіз мемлекет етуге күш салды. Ол 1227 жылы қазаға ұшырады. Мирасқоры оның ұлы Батый болды. Батый қолының Руське және Еділден батысқа жасаған жорықтары Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан, орталығы төменгі Еділде орналасқан ұлан-байтақ мемлекет құруға мүмкіндік берді. Тарихи әдебиетте бұл мемлекет Алтын Орда деп аталады (Байпақов К.М., т.б., 1998, 81-бет.).

Алтын Орданың астанасы Сарай Бату (қазіргі Астрахань маңында) болды. Кейінірекастана Сарай Беркеге (Еділ бойымен Сарай Батудан жоғарырақ) көшірілді. «Алтын Орда» ұғымы бір текті емес: кей авторлар Алтын орда деп Батый мен оның мирасқоры Беркенің жеке иелегіндегі жерлерді, яғни Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказды, ал басқа бір деректерде түгелдей Жошы ұлысын қамтыған дейді. 1227-1255 жылдарда билік құрған Батый зор беделге

ие болды. Алайда Батыйдың да, оның мирасқорлары тұсында да Алтын Орда біртұтас мемлекет бола алмады. Жошы ұлысы үлестерге – оның көптеген ұлдарының ұлыстарына ыдырады. Өзкезегінде Алтын Ордада ұлыс жүйесі қалыптасты. Мысалы: 1236-1242 жылдарда Шығыс Европаға жасаған жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің ағасы Орда Еженге Жетісудің солтүстік—шығыс бөлігіндегі жерлер, Ертіс бойындағы кең-байтақ аймақ, Ұлытау мен Қаратауға дейінгі жерлерді ұлыс етіп берді. Бұл ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейберді. XIII ғасырдың екінші жартысында-ақ Орда Еженнің немересі Қонышының тұрған жері деректеме бойынша Орта Сырдариядағы Жент пен Үзкент маңында болған; ұлыстың саяси орталығы осы жерге ауысқан еді. Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда Ежен ұлысы дербес мемлекет болып, шығыс деректемелерінде Ақ Орда деп аталған (Байпақов К.М., т.б., 1998, 82-бет.).

Жошы ханның өлімі туралы алып-қашпа әңгімелер көп. Неге? Өйткені, себеп Жошы өлімінің кенеттен болуында. Жарты әлемді жаулаған Шыңғыс қаған 1225 жылдың күзінде Хорезм жорығынан еліне оралып, Туланың кара орманында қаған ордасын тігеді. Келе сала Танғұтқа шығатын жорыққа қамданды. Осы мәселеде Шыңғыс қаған ұлдарын, қолбасшыларын және кеңесшілерін кара шаңырақта жиналысқа шақырды. Қаған шақырған бұл жиналысқа Қыпшақтағы Жошы хан сырқаттанып келмеді делінеді. Бірақ, Хорезмнен келген Шағатай әкесіне былай хабар жеткізіпті: «Жошының қыпшақтарды жақын тартқаны сонша, ата жұртынан іргесін алыстатып қоймай, кара шаңыраққа қарсы әрекет істеуі мүмкін» (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 155-б.).

Десе де, Шағатайдың бұл хабары Жошыға деген күдіктен туса керек. Алайда, Шағатайдың Шыңғыс қағанға Жошы туралы күдіктеніп жеткізген хабарымен қоса, Маңғыттан келген біреу де хабар әкелді: «Жошы хан аман-сау Қыпшақ даласында бөкен аулап жүр». Шағатай мен маңғыттықтың осы хабары қаған ордасына бір мезгілде жеткен. Шағатайдың ойынан туған күдік пен маңғыттықтан келген бұл хабар бір-біріне тұспа-тұс келіп, Шыңғыс қағанды сезіктендіріп, ызаландырды. Қаһарына мінген моңғол қағаны ұлдары Үгедей мен Шағатайды Жошы ханға қарсы аттандырып жіберді. Екі ұлының артынан атқа мінір сәтінде «Жошы хан өлді!» деген суыт хабар келді. Шыңғыс қаған бірінің үстіне бірі келген бұл хабарлардың қайсысына сенерін білмей қалды. Соңғы жеткен хабардың шын екеніне көзі жеткен ашулы қаған жалған мәлімет берген маңғыттықтың басын шабуды бұйрық қылады.

Ауыр хабарды Шыңғыс қағанға білдіру қиынға түскен. «Түрік шежіресі» бойынша, оқиғаны жеткізу жыршыға жүктелген (Әбілғазы Баһадүр, 1992). Мұнда, біріншіден, Жошының өлімін қаған әкесіне естірту онайға түспегенін аңғартады. Екіншіден, мұнда Шыңғыс әулетінің үрдіс, салтының түркілік салт дәстүрге өте-мөте жақындығын көрсетеді. Қазақтың «Ақсақ құлан» күйін тудырған аңыздың сарыны да тура осы оқиғаны меңзейді. Ақселеу Сейдімбек «Күй шежіре» атты еңбегінде жоғарыдағы жыр және күйдің авторы найман жыршысы Кетбұға еді деп жазады. Иә, қазақ арасында Шыңғыс қағанның

кезінде найманнан шыққан Кетбұға деген жыршы болған деген аңыз бары рас. Бірақ аталмыш жыр мен күйдің ақы иесі Кетбұға еді дегенді растайтын нақтылы тарихи дерек жоқ. Моңғолдың қаған ордасында ол кезде белгілі жыршы, күйші, жұлдызшы, бітікшілер өте көп болған. Тарихшылар үшін қызықтысы жырдың авторы кім екенінде емес, жыр Жошының әкесінен бұрын өлгендігі және әкесі ол өлімді қандай күйде қабылдағаны жайлы дерек болып отыр.

1225 жылы күзде Шыңғыс қағанның ордасы Ертісті жайлап, шаңырақ көтерген-тұғын. Шыңғыс қаған Батыйға жәрдемдесу үшін Отчигинді осы жерден аттандырды. Шыңғыс Қаған Таңғұт жорығының алғашқы тобын осы жылы аттандырып, ал өзі 1226 жылы күзде Гурван сайхан тауынан асып, Ежен өзенін бойлай Таңғұтқа қарсы шапты. Ал Жошы өлімі аталмыш жорықтан бұрын болды. Міне, осы деректемелердің барлығын ескере, біз Жошы хан 1225 жылдың күзінде дүниеден өтті деген пікірмен келісеміз. Сөйтін әйгілі Жошы хан 1179 жылы қараша айында туылып, 1225 жылғы күздің соңы Еуропа жыл саналуы бойынша 46 жасында, Шығыс жыл санауынша 47 жаста өмірден өткеніне көз жеткізе аламыз (Зардыхан Қинаятұлы, 2004, 162-б.).

**Қорытынды.** Жошы Шыңғыс қағанның тұңғышы. 60-тан көп ірі шайқастарға қатысып, әлемнің 200-ге жуық қалалары мен қамалдарын бағындырған әйгілі қолбасшы батыр. Ол бірінші рет 1207 жылы Орман елін қансыз бағындырды. 1211-1216 жылдары Алтын еліне қарсы жорыққа, 1219-1224 жылдары Хорезм жорығына қатысып Сыр бойындағы 26 іріқала мен қамалдарды алды. 1223-1224 жылдары Самарқан пен Үргеніш үшін болған ірі шайқастарға қатысты. Соғыстан кейін әкесінің бергені бойынша Қыпшақ даласын үлесіне алып, өз ұлысын құрды. Бұл тарихта «Жошы ұлысы» немесе «Қыпшақхандығы» деп аталады. 1224 жылы Ертіс өзені бойында өзінің Ақ Ордасының көтерді. Жошы қаншама қанды қырғындарға қатысса да жаратылысына нымырашыл, бейбіт сүйгіш адам. Біздің Қазақ мемлекетінің хандары Жошының тікелей ұрпақтары. Жошының кім екенін осылардан-ақ біле беруге болады.

Қара шаңырағы алғаш қазақ даласында көтерілген Жошы ұлысы Еуропа мен Азияны жалғап жатқан ұлы дала тарихындағы өте сирек құбылыс. Бұл тарихтағы ұзақ уақыт сақталған державалардың бірі. Александр Македонский құрған баянсыз держава оның өзімен бірге кетті. Юли Цезарь құрған держава өзінен соң 10-12 жылға ғана жарады. Ал Жошы ұлысы 260 жыл салтанат құрды. Төрт мың моңғол әкелген моңғолдың ұлыстық жүйесі жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымын өзгерте қоймады. Керісінше, өздері сол халықтың саяси элитасына айналып, сіңісіп кетті.

Тоқтамысқа қарсы Әмір Темірдің 1392 жылы жасаған соңғы жорығы державаның ақырғы демін үзді. Держава шаңырағы астынан бірнеше жаңа мемлекет қанат жайып шықты. Солардың бірі - Ресей. Бұлар Жошы ұлысы державасынан өздерін азат ету арқылы құрылған мемлекет. Ал қазақтың Ақ Ордасы сол алғашқы мағынасында, сол өлкеде тәуелсіз мемлекет ретінде қала берді. Сондықтан Ақ Орда, кейін Ақ Орданың орнында қайта шаңырақ

көтерген Қазақ хандығы Жошы ұлысының заңды мұрагері болып табылады. Жошы ханның қазақ тарихынан алатын маңызы да осында.

Керей мен Жәнібек хандар 1465 – 1466 жылдары қазақ хандығын құрған күннен бастап, қазақ мемлекеті, қазақ елі пайда болды дейді. Егер қазақ деген халық жоқ болса, оның тірегі жоқ болса, мемлекет деген жалғыз күнде қалыптаспайды ғой. Сондықтан ол Ақ Орданың төңірегінде қалыптасты. Бұрынғы шығыс-қыпшақ территориясында қалыптасты. Ал, халқы қыпшақ, қазақ негізінде құралған мемлекет.

Ұрыс хан қазақ хандарының атасы деп танылған адам. Ол Жошы ханның жетінші ұрпағы. 1361 жылы Ұрыс Ақ Ордаға хан болған күннен бастап, оны қазақтың тұңғыш ханы, қазақтың алғашқы мемлекеті делініп көп жерлерде айтылып, жазылған. Сондықтан, біз, Ақ Орданы қазақтың алғашқы мемлекеті деп танып, оны мәдениеті мен территория жағынан Ақ Орда қазақтың алғашқы мемлекеті деген қортындыға келдік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. Әбілғазы Баһадүр. Түрік шежіресі. Алматы: «Ана тілі», 1992.
2. Бейсетаев Р., Жақия Д. Шыңғыс хан империясының мемлекет және құқық жүйесінің тарихы: бастауы мен айтулы кезеңдері // Ғаламтор ресурстарына сілтеме: [www.http://edq.kz/2017/10/26/](http://edq.kz/2017/10/26/) шыңғыс-хан-империясының-мемлекет
3. Ғаламтор ресурстарына сілтеме: [www.http://bagdar.info](http://bagdar.info)
4. Д.Оссон К. История монголов. От Чингиз-хана до Тамерлана. Т.1. Чингиз-хан. Восточносибирское областное издательство. Иркутск, 1937. // Ғаламтор ресурстарына сілтеме: [www. http: padabum.com/d.php?id=129230](http://padabum.com/d.php?id=129230)
5. Зардыхан Қинаятұлы. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана: «Елорда», 2004. 344 бет.
6. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі дейін. Байпақов К.М., Қозыбаев М.Қ., Көмеков Б.Е., Пищулина К.А. 2 том, Ш.Уәлиханов атындағы Археология институты, Алматы: «Атамұра», 1998. 636 бет.
7. Кәрібаев Б.Б. XIII ғ. соңы мен XIV ғ.басындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың этносаяси тарихының кейбір мәселелері жөнінде.//Ғаламтор ресурстарына сілтеме:[www.http://edq.kz/2017/08/24/XIIIғ.-соңы-мен-XIVғ.-басындағы-шығыс-дешті](http://edq.kz/2017/08/24/XIIIғ.-соңы-мен-XIVғ.-басындағы-шығыс-дешті)